



"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

11 мамыр 2020 жыл

Іс №: AIFC-C/CFI/2020/0001

"ИНТЕРЭКС ЖӘНЕ КОМПАНИЯ" ЖШС

Талапкер

және

"PROM REGION KZ" ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот судьясы:

Судья Сэр Робин Джейкоб



ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2020 жылғы 8 мамырдағы талап арыз нысанына сәйкес Халықаралық төрелік орталығының төрағасы, Барбара Доманн QC ханымның ХТО №1/2020 төрелік талқылауына қатысты хаты негізінде жеке-дара төреші болып тағайындалған, Александр Коробейников мырза қабылдаған 2020 жылғы 6 мамырдағы Төрелік шешімнің 86.1-параграфында көрсетілген Қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы бұйрықты беру туралы өтінішпен Талапкер сотқа жүгінді.

Төрелік шешімді оқып шығып, өтінішхат орынды болып табылады деген пікірге келді. Тиісінше, осымен бұйырамын:

- (a) "Prom Region KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Prom Region KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің екінші деңгейдегі банктердегі ағымдағы шоттарындағы 3,967,000 теңгеден аспайтын мөлшерде ақша қаражатына билік етуге тыйым салынсын;
 - (б) "Prom Region KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Prom Region KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі құны 3,967,000 теңгеден аспайтын жылжымалы және жылжымайтын мүлікке иелік етуге тыйым салынсын;
 - (в) "Prom Region KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Маңғыстау индустриялық паркі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында орналасқан және "Интерэкс және Компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Prom Region KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасалған 2019 жылғы 7 қазандағы № 07-10/19 PR жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартының мәнін құрайтын мүлікке билік етуге тыйым салынсын.
2. Жауапкерге осы Бұйрық тапсырылғаннан кейін 7 күн ішінде оның күшін жоюға өтінішхат беру құқығы беріледі.

Сотпен қабылданды,

(қолы) Мөр: /_AIFC Court «Астана» халықаралық қаржы орталығы/

Өкілдік:

Талапкерді «Benefits & Partners» заңгері, Данияр Төлеуович Ниязгулов мырза ұсынды

Жауапкер ұсынылған жоқ.